

«Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген **ІШКІ ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

29.11.2023жыл

2023 жылдың 29 қарашадағы жағдайы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген заңды тұлға Шымкент қаласының қалалық жайлы орта дамыту басқармасының «Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны *(әрі қарай- Кәсіпорын немесе Зоосаябақ).*

«Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы» МКҚК құрылтайшысы- Шымкент қаласының әкімдігі.

Басқару органы- Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы.

«Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағының» МКҚК негізгі қызметтері мен мақсаттары:

- 1.Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні: табиғатты қорғау мен жедел басқару құқығының қызметті жүзеге асыру болып табылады.
2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: биологиялық әртүрлілікті және тектік қорды сақтау мақсатында жануарлар, өсімдіктер дүниесі объектілерін қорғауды, тұрақты пайдалануды молайту және жасанды түрде өсіруді, сондай- ақ табиғатты қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, белгіленген тәртіппен жануарлармен жасалатын импорттық және экспорттық операцияларды, оларды зоологиялық бағыттағы басқа ұйымдармен айырбастау, жануарлар коллекцияларын қалыптастырып, олардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 4.Жануарларды ұстау, өсіру, күтіп- бағу, келушілерге көрсетуді ұйымдастыру;
5. Әкімшілік және өндірістік- шаруашылық, ветеринарлық және зоотехникалық қызметтер көрсету, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін өсіруге арналған питомниктер құру;
- 6.Отандық және дүниежүзілік фаунадан жануарлар коллекцияларын қалыптастыру және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

7.Жануарларды, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарларды қамауда, немесе жартылай қамау жағдайларында ұстау , өсіру саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негіздері:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 Заңы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтер істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары», Кәсіпорынның 2023 жылғы 18 мамырдағы №87- Ө санды бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың бағыты:

- 1.Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың міндеттері:

- 1-міндет. Қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2- міндет. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3- міндет. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4- міндет. Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5- міндет. Ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6- міндет. Қаржы шаруашалық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) немесе жұмыс тобының персоналдық құрамы:

1. З.Ш.Ганиева- директордың ғылым жөніндегі орынбасары;
2. Н.М.Жылкельдиев- директордың даму жөніндегі орынбасары;
3. Н.П.Туйчиева- бас есепші;
4. Т.Бейсехан- Техника қауіпсіздік инженері;
5. Б.Оразбаева- «Ғылыми-әдістемелік» бөлім меңгеруші;
6. З.Аширбаева- «Орнитология» бөлімінің меңгерушісі.

Ішкі талдауға өзге субъектілердің мамандары мен сарапшылары тартылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:
04.01.2023-29.11.2023 жыл аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы:
А.Шадиярбекқызы (2023 жылдың 18 мамырдағы №85- Ө бұйрығы негізінде).

Қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (1- міндет)

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 29 мамырдағы №1264 қаулысына сәйкес, Кәсіпорынның Жарғысы бекітілген.

Талдау барысында, Кәсіпорын жарғысында кемшіліктер анықталған жоқ. Жарғыдағы Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес айқындалған.

Талдау барысында, тәуекелдер анықталмады.

Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
(2- міндет)

- Істер номенклатурасы бекітілген; Бұйрықтарды тіркеу журналдарды істер номенклатурасына сәйкес рәсімделген;
- **2023 жылдың 29 қарашадағы жағдайы бойынша :** негізгі (өндірістік) құрам -218; жеке құрам бойынша 140 бұйрық қабылданып, қолданыстағы заң талаптары сақталған.

Талдау барысында ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. (3- міндет)

Штат құрылымы және жұмысқа қабылдау процесі (29.11.2023 жылғы жағдай)

Кәсіпорын 12 бөлімнен тұрады. Штат саны -138. Бос орындар жоқ.

Талдау барысында , кәсіпорын қызметкерлерінің жеке іс құжаттары толығымен тексеріліп, нәтижесінде кемшіліктер анықталмады.

Жыл басынан бері Кәсіпорынға 34 қызметкер жұмысқа қабылданды. Қызметкерлер жұмысқа қабылдау «Еңбек мобильді орталығы» КММ тарапынан берілетін жолдамалар арқылы жүзеге асырылып, қабылдау процесінде құқық бұзушылық орын алмады.

Талдау барысында Кәсіпорынның штат құрылымын ұлғайтуды қажеттігі бар екендігі анықталды.

Атап айтқанда, бүгінгі күнге Зоосаябақтың ғимараттары мен бақылау аймақтарының аумағы, көгалдандыру аумағы ұлғайып, Зоосаябақтың жануарларға қызмет көрсету критерийлері өзгерді. Бұл сәйкесінше қызмет көрсету персоналының штатын ұлғайтуды талап етеді.

Сонымен қатар, талдау барысында Кәсіпорында заңгер немесе заң консультанты деген қызметкерлері штат бірлікпен қамтамасыз етілмегендігі анықталды. Кәсіпорында заңгердің міндетін – Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженері қамтамасыз етуде.

Ұсыным:

1. Зоологиялық саябақтардың үлгілік штатын бекіту бұйрық жобасын әзірлеу мен бекіту қажеттілігі жөніндегі тиісті уәкілетті орталық мемлекеттік органға ұсыныс жолдау бойынша Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасына хат жолдау.
2. Кәсіпорынның штат құрылымына заңгер немесе заң консультанты штат біроігін қарастыру бойынша заңды белгіленген ретте шаралар қабылдансын.

Тәртіптік жазалар бойынша:

2023 жылдың 29 қарашасына дейінгі жағдай бойынша: 9 тәртіптік жаза қолданылған. Тәртіптік жазаларды қолдану барысында заң бұзушылықтарға жол берілмеді.

Персоналды ынталандыру шаралары бойынша: Кәсіпорын қызметкерлерін ынталандыру үшін және мемлекеттік мерекесіне орай (21-22 Наурыз мейрамына 127 қызметкерге, 1- маусым Балаларды қорғау күні 16 қызметкерге, 6- шілде Астана күні 6 қызметкерге және Қаржыгерлер күніне 4 қызметкерге және ынталандыру үшін 1 қызметкерге) сыйақылар берілді.

Талдау барысында сыйақы беру процесінде заң бұзушылықтар орын алмады.

Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (4-міндет)

Талдау барысында Кәсіпорынның қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығыс белгілері анықталмады.

Кәсіпорынның жұмыс істейтін қызметкерлер мен жұмысшылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мақсатында мінез- құлық стандарты бекітіліп, барлық қызметкерлер мен жұмысшыларға қол қою арқылы таныстырылды.

Хабарлама сипатында **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, алдын алуға мүмкіндік береді.**

Ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.(5-міндет)

Кәсіпорын Жарғысының 36- тармағына сәйкес , Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарларына сәйкес қаржыландырады делінген.

Кәсіпорынның негізгі қаржыландыру көзі- Зоосаябақтың тамашалау алаңдарын ұсыну, даяғни келушілерге билеттер сату болып табылады.

«Заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы» Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылшғы 17 тамыздағы №89 қаулысына сәйкес, Зоосаябақтың ұсынатын қызметі үшін тариф мөлшері 800 теңге болып белгіленіп, келесі жеңілдіктер қарастырылған:

- Зейнеткерлерге, мүгедектегі бар адамға Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттік аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
- Мектеп жасына дейінгі балаларға (6 жастан-17 жасқа дейінгі)-50%
- Мектеп жасына дейінгі (6 жасқа)- тегін
- Күндізгі маусымдағы студенттерге-25%

Билеттер тсатып алу үшін Кәсіпорында касса арқылы және баламалы ретінде екінші дейгейлі банктердің (ЕДБ) QR code

Арзқылы төлемді жүргізу ұйымдастырылған.

Төлемнің баламалы жүйелерін енгізу – өз кезегінде **тәуекелдерді төмендету септігін тигізеді.**

Ашықтық пен жариялық:


Жануарлар дүниесі бойынша мәліметтердің жариялылығын және Зоосаябақ жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету- Зоосаябақтың ресми сайты <https://shymkentzoo.kz/ru/> және Facebook, Instagram әлеуметтік желілері арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы шаруашалық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.(6 - міндет)

Талдау барысында ҚР «Мемлекеттік сатып алу » турлы Заңының талаптарына сай келесі мемлекеттік сатып алулар жүргізілген.

- Баға сұранымдары әдісі арқылы мемлекеттік сатып алу- 109
- Электрондық магазин арқылы мемлекеттік сатып алу -1
- Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу- 7

Талдау барысында осы мемлекеттік сатып алулар бойынша **камералдық бақылау жүйесінен заң бұзушылық бойынша ешқандай ескертпелер болған жоқ.**



З.И.Ганиева



Н.М.Жылкельдиев




Н.П.Туйчиева



Т.Бейсехан



Б.Оразбаева



З.Аширбаева